

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті



125

Жүсіпбек Аймауытовтың

125 жылдығына арналған
“Алаш мұраты және
Жүсіпбек Аймауытов мұрасы”
атты ғылыми-тәжірибелік
конференция

ЖИНАҚ

Астана 2014

ҚР МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Л.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Алаш мұраты және Жүсіпбек Аймауытов мұрасы

Республикалық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана – 2014

советским писателем. В своих произведениях он брал, в частности, действующих лиц большей частью из среды трудящихся...

Поэты типа Аймауытова не прочь были иногда «воспевать» советскую власть еще и потому, что они рассчитывали на падение советской власти в результате развития и внедрения НЭПа. Эту надежду питали в последствии лозунги правых о «мирном вращении кулака в социализм» (10 лет Казахстана 1930. 317) дегендердің бәрі дерлік С.Мұқановтың М.Әуезов пен Ж.Аймауытовқа арналған тарауларында таратыла да дамытыла баяндалады.

«Ғаббас жолдас «Әдебиет энциклопедиясының» V томына «Қазақ әдебиеті» деген мақала жазды. Мақала 1930 жылы жазылған. Бұл кезде Жүсіпбектің кім екені айқындалған-ды. Ғаббас осы мақаласында да Жүсіпбекті «ұсақ байпыл жазушы, басқа ұлтшылылардан өзгешелігі бар» депті. «Ұсақ байпыл» жазушының екінші аты – «қара шаруа жазушылары» жеке қара шаруаларды жырлайтындар. Бұлардың жекешілік темалары пролетариат тілегі емес. Тап дұшпандығы айқындалып отырған Жүсіпбекті Ғаббас «булғактатпай-ақ» түп-тура төңкеріске қарсы деп бағалау керек еді. Оның пролетариатты аузына алуының өзі сол дұшпандығының бір нәзік әдісі болды. Сондықтан біз оны еш уақытта қолбике дей алмаймыз және болғанда жоқ» (458) деген социологиялық қорытынды жасаған уақытта Сәбит Мұқановтың өзінің ташпылық түсінігінің сыртында, желкесінде жоғарғыдай жетекші нұсқаулардың тұрғандығын естен шығармау керек.

Сәбит Мұқанов Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылығын бірқыдыру толық қамтып, «Абай» журналына редактор болған кезде материалдарды бытірілкен ұйымдастырғанын, өзі де өндіріп жазғанын, Мұхтар Әуезовтей бірыңғай саяси мақаламен кетпей, Жүсіпбек «саяси мақала жазумен қатар, «Абайда» жазушылық, ақындық бетін ашты» (421) деп білді.

Арғы атам, ер түрік

Біз қазақ еліміз, – деген «төңкеріске қарсы күшті өлеңді қазақ байпыл ақындарының ішінде ешқайсысы да, Мағжан да жазған жоқ. Ол кезде мұндай контрреволюционнай өлең шыққан жоқ» (425) деп тұқыртып алады да «Мәнсапқорлар» мен «Қанания-Шәрбану» пьесаларына аз аялдап, «Қартқожа» романына ұзақ талдау жасайды. Образдарына жеке-жеке тоқтайды. «Жалпы алғанда роман пайласыз емес. Романның тілі жақсы. Оқиғалардың көбі шыныдықтан алынған. Жүсіпбек қорқа жазған ұсақ байшылығының ішінен қазіргі еңбекші бұқараның көзіне өткен өмірін елестететін сәттер көп. Кітап ол бағасын алдағы күнде де жоғуға тиісті емес. Біз кітаптың тарихи маңызы барына таласпаймыз. Біздің таласымыз «Қартқожа» еңбекшілер тілегімен жазылды деген сөз. «Қартқожаны» бұлай деу не түсінегендік, не Жүсіпбектің байшылығын жақтаған оңшылдық» (440) деп Сәбит Мұқанов талай қайшылыққа ұрынады.

Бұдан кейін республикалық конкурсте екінші бәйге алған «Шерниязды», одан кейін «Ел қорғаны» пьесаларын оқушыларға таныстырды. Тапшылық тұрғыдан қарауы жетіспей жатқандай «Ел қорғаны» пьесасын талдауға Сәкеннен жәрдем алыпты. «Бұл Сәкен Сейфуллаулы жолдастың 1928 жылы

Күләш Ахмет,
ф.ғ.д., профессор

Сәбит Мұқанов – Жүсіпбектанушы

Сәбит Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты еңбегі 1931 жылы жазылып, 1932 жылы жарық көрді. Автор осы зерттеу монографиясының үлкен бір тарауын түгелдей «Ұлтшыл-байпыл» дәуірдің ақын-жазушылары деп атаған. Олар А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ғ. Қарашев, М. Жұмабаев, С. Торайғыров, С. Дөнентаев, Б. Күлеев, М. Әуезов, Ж. Аймауытов. Бұл монографиялық портреттерде әуелі өмірбаяны, атқарған қызметі, шығарған кітаптары айтылып, әдебиет тарихындағы орнын айқындау үшін ел есінде сақталған шығармасына мүмкіндігінше талдау жасаған. Ақын жазушылардың артық-кемі, жетістігі мен олқылығы, әдебиетке қосқан үлесін саралаған. Алайда әр автордың өзіндік қолтаңбасы, шығармашылығының негізгі бағыты, шеберлікке жету жолдары әңгімеленгенде С. Мұқанов саяси-идеялық мәселелерді кейде бірінші орынға қойып, социологиялық талдауға түсіп кететін сәті аз емес. Бұл жайлар монографиялық тарауларға тән болғанымен, әр ақын-жазушы өзінің қаламгерлік ерекшелігімен көрінеді. Автор өз ойын түйіліп те, түйіліп те, шаттана қуанып та жеткізген. Айрықша ескертетін бір жай, С. Мұқанов бұл ақын-жазушылардың шығармашылық портретін ең бірінші жасаушы екендігін енуақытта естен шығармауымыз керек. Шығармашылық портреттер А. Байтұрсыновтың басталып, Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылығына талдау жасаумен аяқталады. М. Әуезов пен Ж. Аймауытовқа арналған тараулар 1931 жылдың аяқ шенінде, 1932 жылдың басында жазылғандықтан Голощекиннің «Еңбекші қазақ» газетінің 1930 жылғы 229 санындағы мақаласынан екпін алып, әсіресе КазАПП-қа жаңа ғана бастық болып тағайындалған М. Қайыпназаровтың «художественная литература в период социалистической реконструкции» («Советская степь», 1930. 24 желтоқсан, N284) деген мақаласы дерекі социологиялық танымды күшейте түсті. Оның үстіне 1930 жылы «10 лет Казахстана. 1920-1930» деген атпен Қазақ ССР саяси баспасы шығарған аса айрықша мәні бар жинақта «Қазақ әдебиеті» деген тарауда қазақ әдебиетінің тарихи дамуына шолу жасап, оны бес дәуірге бөлген уақытта «Начало XX века» деген тарауында басқа ақын-жазушыларға қарағанда Жүсіпбекке мейлінше көп тоқтап, Сәбит Мұқановтың баяндауына ұқсас сөздер мен ойларды оқымыз да коммунистік идеологияның бір ізбен жүріп отырғандығын, жоғарыдан айтылғандардың нақты істе қалай жүзеге асқандығын көзбен көргендей боламыз.

«Тов. Тоғжанов в своей книге «Вопрфсы литературы», безусловно, ошибочно относит Аймауытова к попутчикам. Аймауытов является не меньшим защитником байства, чем Жумабаев, но он пользовался совершенно иными методами и иными приемами. Аймауытов придерживался тактики сменовеховцев. В своих произведениях он внешне являлся как будто-бы вполне

заман, оның социалистік деген кезеңі С. Мұқановқа көркемдік саласында болсын, ғылыми-эстетикалық танымда болсын мұжарғыш қасиетті дарытқанын көреміз. Осы абыройлы да пионерлік, алғашқылық сәтті шалары білімін өмір қайрағына жанып алып атқарғаны таңқалдырады. Өйткені ол өз танымын, білігін уақыт талабына жанастыра айтуға міндеттімін деп есептеген. Қасаң кейде тіпті қазып айтқанның өзінде тарихқа қиянат жасап отырмын деп ойламайды, қайта замана талабын орындау арқылы келешекке, әсіресе қазақ әдебиеттану ғылымына жүйелі жол салып отырғанын өзі жыға сезінбегенмен, осыдан өніп шығатын игіліктің боларына еш күмән келтірмейді. Азаматтық бетіне дақ түсірмей елге керекті істі орындады деп ойлаған.

Екіншіден, жеке адамға табынушылықтың басталуына негіз болған пролетарлық әнербакандық дәуірлей бастаған тұста ұлтшылдық пен байшылықты, яғни ұлт мақсатын көздейтін, жанашылдыққа ығайланатын пиғылдың бәрі теріс танбаланып жатқанда алаш қозғалысына қатысқан ақын-жазушылардың бәрін, тіпті совет үкіметін қолмен құрысқандардың өзін тұтқындап абақтыға жауып жатқан тұста, С.Мұқановтың бұл тарихты жазуы ойланарлық жай.

Осындай зерттеулер буржуазнай объективизмге түсті, сынаған болып отырып олардың атын, шығармаларын атап, кейінгілерге із тастап отыр деп айыптағандар бірдеме сезіп, байбалам салған еді. Коммунистік идеология каншама тоғмайын болғанымен өзінің не істеп жатқанын парықтайтын, ертең осы үшін жауап беретіндігін білген. Сондықтан кішкене болса да оның сырын ашатын қадамдардың бәрін қағып тастап отырған.

Ал осындай кезең белең алып бара жатқанда С.Мұқановтың «тарихшы» болып шыға келуі таңқалдырады.

1988 жылы желтоқсанда алаш арыстары ақталып, олардың өмір тарихы мен шығармаларын жариялау күн тәртібіндегі ең өзекті мәселе болған тұста С.Мұқановтың осы «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» көмекке келгені даусыз.

Уақыт деген құдіретке ешкімнің шамасы келмейді. 20 жылдар мен 30 жылдардың бас кезеңіндегі идеологиялық таным-түсініктің уақыт өте келе талай бұраланға түскені бар. Әбден еңдеп алған жеке адамға табыну партияның XX сьезінен кейін күйреп, күні бүгінге дейін долаға түсіп жүргенін көзіміз көріп отыр. Ал осындай кезде С.Мұқановта ойланған, толғанған. Оның нағы бір көрінісі Қазақстан жазушылар одағына жазған хатынан аңғарылады. Коммунистік екпінмен талай әңгімеге араласып, әсіресе, Абай мектебі, қазақ эпостарының тағдыры, Сәкен, Ілияс, Бейімбеттердің ақталуы, Шәкәрімнің өлең-жырларының талқылануы, Мағжан Жұмабаевты ақтау жөніндегі қадамдар қаншалық ташып болса да С.Мұқановты мықтап ойландырып толғандырған. Өйтпесе мәлімдеме жасар ма еді?! Сол мәлімдемені сөзіміз дәлелді болу үшін ғана емес тарихи факты ретінде келтіру қажет деп санағандықтан бөліп жармай бастан аяқ жариялауды борышымыз деп есептейміз.

«Жана әдебиет» журналының 3-санында басылған мақаласы еді. Аяқ жағын алып тастап, қысқартып бердік. С. М.» (445) деп сілтеме жасашты.

Ал енді біртоға әңгіме «Ақбілек» романы жайында біздің кейбір зерттеушілеріміз «Ақбілек» романы 20 жылдары түгелдей жарияланып, қазақ прозасының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты дегенді айтып жүргендер бар. Жүсіпбек шығармашылығы жайлы 1931 жылы жазып отырған Сәбит Мұқанов «Ақбілек» ерте кезде «Әйел теңдігі» журналында басылып жүрді. Бірақ түгел басылған жоқ. Өйткенімен оның толығын мен Жүсіпбектің өзінен оқыған едім. Бірақ күні бүгін қолда болмағандықтан толық тексеру жасап, анасы алай, мынасы былай деу қиын болды» (450) дегенін естен шығаруға болмайды. Себебі «Ақбілек» романы 1989 жылға дейін жеке кітап болып жарияланбаған. Аймауытовтанушы филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Тұрғыбек «Ақбілек» романы белгілі аудармашы, ардагер азамат Хасен Әдембаевтан алынған толық варианты бойынша беріліп отыр» (Ж. Аймауытов. Тандамалылар. 1989, 557) деп түсіндірсе, 1997 жылғы «Жүсіпбек» атты монографиясында «Әйел теңдігі» журналының 1927-28 жылдарғы бірнеше сандарында жарияланды. Бірақ кітап болып басылған жоқ» (65-бет) дей отырып, өте бір мәнді деректі, яғни «Қаламгердің өз қолымен жазған түпнұсқасы М.Әуезов мұражайынан табылды. Р.С.» деп хабарлаған.

Бұл варианттарды салыстыра зерттеуге кірісетіндер шығарына сені отырып, Сәбит Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде». Сәбит Мұқанов Жүсіпбек Аймауытовқа пролетарлық түгіл, жолбиліктің өзін қимай отырса да «Жүсіпбектің тіл жағы жақсы. Сөзге ұста, шебер жазатын жігіт. Сөз құрастырудың техникасын одан үйренуге болады» (458) деп қысқа қайырған. Ж. Аймауытовтың шығармашылығыдағы өзгеше ұқсамайтын ерекшелігін көпшілік оқырман сезгенмен деп басып айтуға ойын қазақ тілін қазақтан кем білмейтін, халық ауыз әдебиетінен бастап бабалар өсиетін философиялық тұрғыдан талдағанда, естіген құлақ тұшынып, оқыған оқушының жаны жай табатын, не айтса да қазак деген ұлтқа жаны ашып айтатын, ретті жерінде кесек – кесек пікірді төгіп–төгіп айтатын өзге емес «Өзіміздің Гера» атанып кеткен Герольд Бельгердің көріп-сезгенімен жеткізейік

«Аймауытовты оқығанда еріксіз таң қаласың. Өсіресе, сөз кестесі, айшықты, әшекей тілі оқушыны бірден баурап, үйіріп әкетеді. Шын мағынасында эстетикалық ләззат алып, шынайы сезімге бөленесің.

Аймауытов сөздік қоры орасан бай, ағыл-тегіл молдықтың арқасында туған дүниенің тынысы кең, емін-еркін кесіліп жазып, нақышына келтіріп суреттер жасайды. Төлке жазушы суреткер тақ-тұқты місе тұтпайды, еселен, екпіндетіп, шабыты шалқып, рухтанып жазды. Аймауытов сынды ұлттық мәдениеттің аса ірі қайраткерін қолына қалам ұстаған кейінгі ұрпақ жан-жақты зерттеп, талдап, терең ұғынуымыз керек»¹ деген сүбелі ойы С. Мұқановтың өресі жетпегендік емес уақыттың құдіреттілігінде жатса керек.

С.Мұқановтың монографиялық еңбегіне оның ішінде Ж.Аймауытовтың шығармашылығына арнайы тоқтаудың бірнеше себебі бар. Біріншіден, жана

¹Т.Бельгер. "Аймауытов айшықтары" "Қазақ әдебиеті" газеті. 30.03.1990 210

шындық бар. Ол – көркем шығарманың шындықты бейнелеуі, шығарма шындыққа жақындаған сайын шырқай түсетіндігі.

Өзі өмір сүріп отырған қоғамға қанағат етегін, ырза болатын адам – азын азы. Қанағат етсе, қара бұқара ғана қанағат етеді. Зиялы қауым қанағат етпек түгілі, қарсы жаққа шығады. Осы тұрғыдан тасардың басындағы қоғамдық-әлеуметтік жағдайға көз жіберіп көріңіз... Бәрін айтпай – ақ қойық. Бір-ақ сөз. Революция. Революциядан күткен күн жарық еді. Олай болмай шықты. Жүсіпбектің де екі революциядан / Ақпан және Қазан төңкерістері / Эмиль Золяның да француз революциясынан күткен үміті ақталмады.

Франциядағы революция /оның ішінде Қазақстан да бар/ буржуазия-лық революция, оған жалғасқан пролетарлық революция да рухани құбылысты бейнелеуші Золя мен Аймауытовты әрі – сәрі күйге қалдырады. Не істеу керек? Қоғам құбылысын барын – бардай, жоғын – жоқтай етіп суреттеу керек. Әлде «жазымыштан озымыш жоқ па?». Қоғам мүшесі ретінде – фаталист, ал фаталистке барыққа керек жоқ. Жүсіпбектің «Ақбілегіндегі» жағымсыз кейіпкер орыс офицерінің монолотын оқып көріңіз: «Ата –анадан, туысқаннан, тұтқан жерден кім безейін деп ойлайды?» Еркін, қызық өмірді жан тыныштықты кім жақсы көрмейді? Сұлу әйелдің от құшағын, тәтті лебізін кім аңсамайды? Адам тілегенін істеуге ерікті болса, тұрмыс осындай болар ма еді? Біреу ырысты, біреу сорлы болар ма еді? Адамда ерік жоқ. Адам лажсыз елінің тілегіне бағынады. Дүниеде тағдыр бар, лажсыз өмірге көну бар: тағдыр деген сондай, бостандық, еркіндік жоқ. Тағдыр айдамаса ... біз келер ме едік [Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 153-бет].

Жүсіпбек реализмін түсіндіріп, зерделеуде алғашқы кезде социалистік реализм ізделді. Меніңше, екеуі де табылмады. «Қартқожа» мен «Ақбілекті» шығармаларының соңында келтірілген социалистік қоғамның лайықты азаматы болып шығуы туралы тұстары мәтін танытын адамға жапысырма екені анық көрініп тұр.

Әдеби ағымды тарихи-қоғамдыққағдай, идеологиялық күрес тұғызатынына көз жетті. Натурализм де осындай ағымдардың бірі. Өмірді дәл суреттеуге кім қоюға бола ма? Болған. Социалистік реализм кімге қойған: «Натурализм – бәрінен бұрын әдебиет пен өнердегі принципсіздік, эстетикалық талғамның жоқтығы, ақиқат шындыққа енжар бейтараптық. Сондықтан әдебиеттегі натурализмге де философиядағы буржуазиялық позитивизм секілді зиянды ағым. Натурализм өмірде ірі мақсаттар да, асыл мұраттар да жоқ, тіршілік ұсақ-түйектен ғана тұрады деген кертартпа ұғымға негізделген. Мұның өзі, сайып келгенде, адамдарды жана үшін ескімен күрестен оқмау әкеліп, «буржуазиялық барға» қанағат етуге шақыру» [2: 343]. Осы тұстан Жүсіпбек жазушының тұрғысы келіп шығады. Жазушыда революциялық рухтан гөрі, эволюциялық рационализм, парасат басым. Ол парасатқа революция қайшы. Ал ішкі талант сыртқа шығуы қажет. Сондықтан сөз зергерінің талқан жолы табиғи болды. Оны «натурализм» екен деп ағаш атқа мінгізуге болмайды. «Натура» деген сөздің мазмұны ауқымы «табиғат», «адам мінезі мен

заман, оның социалистік деген кезеңі С. Мұқановқа көркемдік саласында болсын, ғылыми-эстетикалық танымда болсын мұзжарғыш қасиетті дарытқанын көреміз. Осы абыройлы да пионерлік, алғашқылық сәтті шалашары білімін өмір қайратына жанып алып атқарғаны таңқалдырады. Өйткені ол өз танымын, білігін уақыт талабына жанастыра айтуға міндеттімін деп есептеген. Қасаң кейде тіпті қазып айтқанның өзінде тарихқа қиянат жасап отырмын деп ойлаймады, қайта замана талабын орындау арқылы келешекке, әсіресе қазақ әдебиеттану ғылымына жүйелі жол салып отырғанын өзі жыға сезінбегенмен, осыдан өніп шығатын игіліктің боларына еш күмән келтірмейді. Азаматтық бетіне дақ түсірмей елге керекті істі орындады деп ойлаған.

Екіншіден, жеке адамға табынушылықтың басталуына негіз болған пролетарлық әпербақандық дәуірлей бастаған тұста ұлтшылдық пен байшылықты, яғни ұлт мақсатын көздейтін, жанашылдыққа ығайланатын пиғылдың бәрі теріс танбаланып жатқанда алаш қозғалысына қатысқан ақындардың бәрін, тіпті совет үкіметін қолмен құрысқандардың өзін тұтқындап абақтыға жауып жатқан тұста, С.Мұқановтың бұл тарихты жазуы ойланарлық жай.

Осындай зерттеулер буржуазный объективизмге түсті, сынаған болып отырып олардың атын, шығармаларын атап, кейінгілерге із тастап отыр деп айыптағандар бірлеме сезіп, байбалам салған еді. Коммунистік идеология қаншама тоқмоқын болғанымен өзінің не істеп жатқанын парықтайтын, ертең осы үшін жауап беретіндігін білген. Сондықтан кішкене болса да оның сырын ашатын қадамдардың бәрін қағып тастап отырған.

Ал осындай кезең белең алып бара жатқанда С.Мұқановтың «тарихшы» болып шыға келуі таңқалдырады.

1988 жылы желтоқсанда алаш арыстары ақталып, олардың өмір тарихы мен шығармаларын жариялау күн тәртібіндегі ең өзекті мәселе болған тұста С.Мұқановтың осы «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» көмекке келгені даусыз.

Уақыт деген құдіретке ешкімнің шамасы келмейді. 20 жылдар мен 30 жылдардың бас кезіндегі идеологиялық таным-түсініктің уақыт өте келе талай бұраланға түскені бар. Әбден ендеп алған жеке адамға табыну партияның XX съезінен кейін күйреп, күні бүгінге дейін долаға түсіп жүргенін көзіміз көріп отыр. Ал осындай кезде С.Мұқановта ойланған, толғанған. Оның нағыз бір көрінісі Қазақстан жазушылар одағына жазған хатынан аңғарылады. Коммунистік екіпіннен талай әңгімеге араласып, әсіресе, Абай мектебі, қазақ эпостарының тағдыры, Сәкен, Лияс, Бейімбеттердің ақталуы, Шәкәрімнің өлең-жырларының талқылануы, Мағжан Жұмабаевты ақтау жөніндегі қадамдар қаншалық тапшыл болса да С.Мұқановты мықтап ойландырып толғандырған. Өйтпесе мәлімдеме жасар ма еді?! Сол мәлімдемені сөзіміз дәлелді болу үшін ғана емес тарихи факты ретінде келтіру қажет деп санағандықтан бөліп жармай бастан аяқ жариялауды борышымыз деп есептейміз.

МАЗМҰНЫ

I. Ж. АЙМАУЫТҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов.....	3
Әбділлин Ж. Алаш арыстары қалай ақталды?.....	40
Қасқабасов С. Жүсіпбек Аймауытов және руханият мәселесі.....	48
Есім Ғ. Қартқожа кім?.....	54
Жұртбай Т. «Жүрекке, идтихатқа, иманға қол салған...».....	56
Негімов С. Маңғыстаунама.....	70
Қамзабекұлы Д. Ж. Аймауытұлының 5 томдық шығармалар жинағы туралы.....	74
Әблманаұлы Ө. Ж. Аймауытұлы романдарындағы тәуелсіздік идеясы.....	78
Әбсалдықов А. Алаш һәм фольклор.....	91
Тегетенов Т. Ж. Аймауытұлы драматургиясы: классикалық дәстүр және суреткерлік дүниетаным.....	100
Тұрысбек Р. Алаш мұрасы мен мирасы.....	116
Смағұлов Ж. Ж. Аймауытұлының сын-зерттеу еңбектері.....	138
Тананова С. Әлеуметтік-психологиялық туындыларыдағы махаббат тақырыбы.....	146
Тахан С. Типология художественного образа в романе Ж. Аймауытова «Қартқожа».....	152
Үсен А. Гендерлік аспектідегі поэтика.....	157
Әбілқадырова Т. Ж. Аймауытұлының педагогикалық мұралары.....	164
Әбішева Ш. «Күнiкeйдiң жазығы» повесiндегi көркемдiк iзденiстер.....	172
Абдуалиева Ж. Қазақ поэзиясындағы сезім ирiмдерi.....	178
Темiрбеков О. Ж. Аймауытұлының «Жер үстiндегi Күнiкeй қызы».....	183
Рахманова Н. «Күнiкeйдiң жазығы» повесiнiң көркемдiк-эстетикалық әлемi.....	187
Дүйсенғазы С. Ж. Аймауытұлының патриоттық өлеңдерi хақында.....	194
Құлманов Қ. Телжан Шонанұлы – әдебиетші.....	198

II. Ж. АЙМАУЫТҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ӘДЕБИ ҮДЕРІС

Артықбаев Ж. Жүсіпбек жұмбағы.....	204
Ахмет К. Сәбит Мұқанов – Жүсіпбектанушы.....	208
Жақыпов Ж. Ж. Аймауытұлы прозасындағы бағыс еуропалық үндестік.....	212
Махат Д. Ж. Аймауытұлы және «Абай» журналы.....	216